

ҚАБІРГЕ ҚОЙҒАН ГҮЛІМ БҮЛ



*К.Байсейітова және
Е.Брусиловский*

Әрбір ғажайып тұлғаның гүл жарып, шешек атуы алғаш сәттен-ақ ел махаббатын, жұрт қадірін өз бойына баурап әкететін әдеті емес пе?! Шын жүйріктің шығанға шырқар деңгейі ә дегеннен жалт етіп, жарық беретіні кімге танық?! Біздің Күләш осы сындас, таңшолпанындай тамаша талант еді ғой.

Заманасының, замандасының келбет-кейпін, ажар-көркін таңдай қаққандай сипатта тапжылтпай бейнелейтін өнер алғырларын тарих таразысы көптеп біледі. Ән сүйетін, ән ардақтайтын құмар бұлбұл-сандуғаштың сайрар шағы қандай қызықты, қандай әсерлі, қандай қымбат десеңші! Айлар өтсін, жылдар жылжысын, мейлі, өршіл өнерімен танылған адам аты аңызға айналсын, қауымның құрметіне бөленбей ме?!

Күләштің күн сипатты есімін атасам, оның сүйкімді жылы жүзін еске алсам, осы

ойдың, осы сөздердің қамауында қаламын да қоямын.

Күләш өзінің бүкіл тірлігін, ой-арманын, жан сезімін сахнаға арнады. Ол өз еншісін, бақыт-бағын сахнадан тапты десе де болады. Қазақ сахнасының шын асыл тасы, шынайы көркі болғанына таласар жан таппассың.

Күләштің балалық шағы бейнетпен өткен. Оқуға жағдайы болмады. Жастайынан тырбанған тіршілік талқысына түсті. Бірақ жабырқаған Күләш жоқ. Құйрықты жұлдыз секілді қараңғыны жарып өтер, жарықшағы жоқ жарқын өнері тұрмыс тұңғиығын түре сілкіп, өмір өріне самғады. Сахнадағы Күләштің салттағы, өмірдегі кейпі де сәнді еді. «Қыз Жібектің» төртінші актісінде Төлегеннің қайтпас сапар шеккенін еститін сәтте Күләштің Жібек образына терең бойлағаны соншалық – оның көзіне моншақтап кәдімгі жас келетін, егіліп жылайтын. Бір күні Күләштен осы сәтте өзін қандай сезім баурайтынын сұрадым. Сонда:

«Менің шын жылайтын себебім – мен Жібекпін, сүйгенімнен, арман еткен ардақтымнан айырылған жанмын. Солай сезінбесе, солай тебіренбесе Жібек – Жібек бола ма?! Азапты да рақатты сезімдер бойымды билеп әкетеді!» – дейтін марқұм.

Күләш барынша еңбекқор адам еді. Ол сахна өнерін жанындай қымбат санайды, ауырдың үсті, жеңілдің астымен келген жеңісті жек көретін.

Күләш Байсейітованы советік қазақ искусствосының мақтанышы мен даңқы дегенде – еңбек пен шабыт шаттығын, актерлік шеберлігімен тас-

бұлақтай мөлдір таза дауысын, әдеп пен адамгершілікті астастыра білгенін, зор азаматтық қасиетін қастерлей еске алғанымыз жөн.

Тосын қаза қазақ совет искусствосын жасаушылар қатарынан аса ардақты, қимас адамды алып кеткенін көрдік. Сел боп аққан көз жасын, жан қайғысын, ел қайғысын айтып жеткізе алар тіл қайда?!

Ай артынан ай өтер, жыл артынан жыл келер, қазақ искусствосы әлі де гүлдене берер, кемелдене берер. Бірақ қазақтың тұңғыш ұлы сахнапазы, теңдесі жоқ асқан әншісі, тіл байлайтын ғажайып үнді бұлбұлы Байсейітова Күләштің қасиетті есімі кеңпейіл қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталар да мақталар.

Қазақ әдебиеті. – 1957. – 14 маусым (№ 24).